

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 30 наурыздағы № 94-ө "Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттардың нысандарын және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 199-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 1 шілдеде № 9551 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 20.02.2015 № 115 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттардың нысандарын және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 30 наурыздағы № 94-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4615 тіркелген, 2007 жылғы 25 мамырда № 78 «Заң газеті» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу бланк нысаны жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н ;

1-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеу өтінім н ы с а н д а р ы ; » ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу эмиссияларға рұқсат өтінім нысанын келесі редакцияда ж а з ы л с ы н ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін құжаттар нысанын толтыру ережесі жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары

министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне заңнамамен бекітілген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті осы бұйрықты аумақтық бөлімшелерінің - Астана және Алматы қалаларының, облысына сәйкес Экология департаменттерінің, назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрық ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр *Н.Каппаров*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а ж әне с у
р е с у р с т а р ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ыл ғы 2 9 м а м ы р д а ғы
№ 1 9 9 - ө б ұ й р ы ғ ы н а

1 қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у
м и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ыл ғы 3 0 н а у р ы з д а ғы
№ 9 4 - ө б ұ й р ы ғ ы н а

1 қосымша

Нысан

Серия А-W № 00000

Мемлекеттік органның атауы Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат

(табиғат пайдаланушының атауы)

_____ (индекс, пошта мекенжайы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Өндірістік объектінің атауы _____

Өндірістік объектінің орналасқан жері _____

Табиғат пайдаланудың мынадай шарттарын сақтау:

1. Ластаушы заттардың шығарындыларын мыналардан аспайтын көлемдерде
ж ү р г і з у :

_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна.

2. Ластаушы заттардың төгінділерін мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу :

_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна.

3. Өндіріс және тұтыныс қалдықтарын орналастыруды мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу :

_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна.

4. Күкірт орналастыруды мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу:

_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;
_____ жылы _____ тонна;

_____ жылы _____ тонна.

5. Рұқсаттың қолданылу кезеңіне келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сонымен қатар қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету бойынша, жобалау құжаттамасымен белгіленген, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысымен қарастырылған іс-шараларды орындау .

6. Рұқсаттың қолданылу кезеңіне өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын орындау .

7. Осы Рұқсаттың 1 қосымшасына сәйкес қоршаған ортаға эмиссия нормативтері жобалары,, реконструкция немесе қайта құрылатын кәсіпорын объектілері жобаларының Қоршаған ортаға әсерді бағалау (бұдан әрі - ҚОӘБ) бөлімдері эмиссия нормативтерінің ингредиенттері бойынша (заттар) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы негізінде осы рұқсатта белгіленген эмиссия (шығарындылар, төгінділер, қалдықтар, күкірт) лимиттерін асырмау .

8. Осы рұқсатқа 2-қосымшаға сәйкес табиғат пайдалану шарттары.
Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың қолданылу мерзімі _____ жылдан _____ жылға дейін.

Е с к е р т п е :

* Осы Рұқсатта белгіленген эмиссиялар лимиттері, жалпы эмиссиялар көлемі және ингредиенттер (заттар) бойынша осы Рұқсат берілген күннен бастап қолданысқа енеді және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттардың нысандарын және оларды толтыру тәртібі Ережесінің 6 тармағында көрсетілген формула бойынша есептеледі.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат қолданыстағы технологиялардың және осы Рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттары өзгергенге дейін қолданыста болады.

Осы рұқсаттың 1 және 2 қосымшалары осы рұқсаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Б а с ш ы
(у ә к і л е т т і т ұ л ғ а)

_____ қолы Тегі, аты, әкесінің аты (әкесінің аты болған жағдайда)

М ө р о р н ы

қаласы Берілген күні
Қ о р ш а ғ а н о р т а ғ а
э м и с с и я л а р ғ а р ұ қ с а т қ а
1 қосымша
Нысан

Белгіленген ингредиенттер (заттар) бойынша эмиссиялар нормативтеріне негізделген, жобаны жаңарту немесе қайта құрылған кәсіпорын нысанына қоршаған ортаға әсерді бағалау бөлімдері бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы

№	Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының атауы	Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытынды номері және берілген күні
Шығарындылар		
1		
2		
3		
Төгінділер		
1		
2		

3		
Қалдықтарды орналастыру		
1		
2		
3		
Күкіртті орналастыру		
1		
2		
3		

2 Қосымша қоршаған ортаға
эмиссияларға рұқсатқа

Табиғат пайдалану шарттары

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны және су
ресурстары министрінің
2014 жылғы 29 мамырдағы
№ 199 - ө бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау
министрінің
2007 жылғы 30 наурыздағы
№ 94 - ө бұйрығына
2-қосымша
Нысан

**Мемлекеттік органның атауы Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу
немесе қайта рәсімдеу өтінімі**

(табиғат пайдаланушы атауы)

(өтініш иесі- ұйымның заңды мекен-жайы немесе жеке тұлғаның мекен-жайы)

1. Ж а л п ы а қ п а р а т

Байланыс телефоны, факс _____

Өтінім берілетін өндірістік объектінің атауы _____

Табиғат пайдаланушы санаты (өндірістік объектінің қауіптілік классы) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

2.Өндірістік объектіде орналасқан қоршаған ортаның ластану көздері, өнеркәсіптік объекті орналасқан орны туралы мәліметтер:

1 Кесте. Өнеркәсіптік аймақтардың орналасқан орны туралы мәліметтер

Өнеркәсіптік аймақтың нөмірі	Өнеркәсіптік аймақтың атауы	Облысы	Аудан, тұрғын пункті	Координаттары градус, минута, секунда		Алып жатқан аумағы, гектар
				ендік	бойлық	
1	2	3	4	5	6	7

3. Жыл бойынша ластаушы заттардың шығарындылары, (төгінділерді) және орналастырылатын қалдықтары (күкірт) көлемінің сұратылатын лимиттері.

2-Кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының лимиттері

Заттар атауы	Ластаушы заттар шығарындыларының нормативті көлемі		Ластаушы заттардың шығарындыларының сұратылған лимиттері		Өтінім берер алдындағы жылғы іс жүзіндегі шығарындылар	
	грамм/сек	тонн/жыл	грамм/сек	тонн/жыл	грамм/сек	тонн/жыл
1	2	3	4	5	6	7
20__ жылға						
Оның ішінде, барлығы:						
Аймақ 1						
Оның ішінде ингредиент бойынша:						
Аймақ 2						
Оның ішінде ингредиент бойынша:						

3-кесте. Ластаушы заттар төгінділеріне арналған лимиттері

Заттар атауы	Ластаушы заттар төгінділерінің нормативті көлемі		Ластаушы заттардың төгінділерінің сұратылған лимиттері		Өтінім берер алдындағы жылғы іс жүзіндегі төгінділі көлемі	

	миллиграмм/ литр	тонн/жыл	миллиграмм/литр	тонн/жыл	миллиграмм/литр	тонн жыл
1	2	3	4	5	6	7
20__ жылға						
Барлығы, олардың ішінде су шығарымдары бойынша:						
1-су шығарымы бойынша						
оның ішінде ингредиенттер бойынша:						
1-су шығарымы бойынша						
оның ішінде ингредиенттер бойынша:						

4-Кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттері

Қалдықтар атауы	Қалдықтардың қауіптілік деңгейі	Орналастыру орны	Қалдықтардың нормативті көлемі	Қалдықтардың сұратылған лимиттер	Өтінім берер алдындағы жылғы қалдықтарды орналастырудың і жүзіндегі көлемдер
			тонн/жыл	тонн/жыл	тонн/жыл
1	2	3	4	5	6
20__ жылға					
Оның ішінде барлығы					

5-кесте. Күкірт орналастыруға арналған лимиттер

Атауы	Орналастыру орны	Күкірттің нормативті көлемі	Күкірттің сұратылған лимиттері	Өтінім берер алдындағы жылғы іс жүзіндегі күкірт орналастыру көлемдері
		тонн/жыл	тонн/жыл	тонн/жыл
1	2	3	4	5
20__ жылға				
Барлығы:				

Табиғат пайдаланушылар мен ұсынылатын табиғат пайдалану шарттары:

Қоршаған ортаға эмиссиялар осы өтінімде көрсетілгендерге сәйкес болатындығын растаймыз.

4. Өтінімге келесідей құжаттар ұсынылады:

У ә к і л е т т і

(жеке тұлға) _____

(жеке қолы)

(қолын ашып жазу) _____

Мөр орны

Нысан

**Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеу өтінімі
(табиғат пайдаланушының атауын немесе ұйымдық-құқықтық нысанын
өзгерткен, қайта құрылған жағдайларында)**

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеуді сұраймын

(рұқсат рәсімделген жеке және заңды тұлғаның атауы)

(жеке және заңды тұлғаның ауыстырылған атауы)

Рұқсат №

берілген (кіммен) _____

(өтініш иесінің-ұйымның заңды мекен жайы немесе жеке тұлғаның тұратын
м е к е н - ж а й ы

Табиғат пайдаланушы санаты (өндірістік объектінің қауіптілік классы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Өтінімге келесідей құжаттар ұсынылады:

У ә к і л е т т і

(жеке тұлға) _____

(жеке қолы)

(қолын ашып жазу) _____

Мөр орны
Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны және су
ресурстары министрінің
2014 жылғы 29 мамырдағы
№ 199 - ө бұйрығына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау
министрінің
2007 жылғы 30 наурыздағы
№ 94 - ө бұйрығына

4-қосымша

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беруге арналған құжаттар нысанын толтыру ережесі

1. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың 1-4 тармақтарында (бұдан әрі – рұқсат) (Қосымша 1 осы бұйрыққа) ластаушы заттардың шығарындылары, ластаушы заттардың төгінділері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, күкірітті орналастыру лимиттері жыл бойынша тонна арқылы көрсетіледі.

2. Рұқсаттың 5 тармағында рұқсаттың қолданылу кезеңіне келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ табиғат пайдаланушының қабылдау (бекіту) және оның реквизиттері туралы шешімін көрсетумен жобалық құжаттамалармен белгіленген, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қортындысымен қарастырылған қоршаған ортаға эмиссияларды азайту бойынша іс-шаралардың орындалуының міндеттілігі көрсетіледі.

3. Рұқсаттың 6 тармағында рұқсаттың қолданылу кезеңіне табиғат пайдаланушының қабылдау (бекіту) және оның реквизиттері туралы шешімін көрсетумен өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын орындау міндеттілігі көрсетіледі.

4. Рұқсаттың № 1 қосымшада эмиссия нормативтері жобаларына, реконструкция немесе қайта құрылған кәсіпорын объектілері жобаларының ҚОЭБ бөлімдеріне берілген мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қортындысының нөмірі және берілген күні көрсетіледі, олардың негізінде эмиссиялар (шығарындылар, төгінділер, қалдықтар, күкірт) лимиттері белгіленеді және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беріледі.

5. Рұқсатқа № 2 қосымша белгіленген тәртіппен бекітілген Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа табиғат пайдалану шарттарын қосу қағидасына сәйкес

экологиялық талаптар мен нормалардың орындалуын қамтамасыз ететін табиғат пайдалану шарттарын қосу үшін толтырылады.

6. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатпен белгіленген жалпы көлем және ингредиенттер бойынша эмиссиялар лимиттері келесідей формула бойынша рұқсаттың берілген күнінен бастап белгіленеді:

Рұқсат беру күнінен бастап эмиссия лимиттерін анықтауға арналған формула

$$M = (L/C) \times N, \quad M = (\dots/\dots) \times \dots = \text{тонна}$$

M – Табиғат пайдалану мерзіміне лимит, рұқсаттың анықталған берілген күнінен белгіленеді.

L – Мемлекеттік экологиялық сараптама оң қорытындысына сәйкес, жалпы нормативті көлем

N – Жылдағы қалған күндер саны;

C – Жылдағы нормаланатын кезең

2. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты алу немесе қайта рәсімдеуге арналған өтінімді толтыру тәртібі

7. 1 кестенің 5-7 бағанасының 2 тармағында қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу немесе қайта рәсімдеу өтінімі (бұдан әрі - өтінім) (қосымша № 2 осы бұйрыққа) ақпарат болған жағдайда толтырылады.

8. Өтінімнің 2-5 кестесі барлық өндірістік объектілердің және ластаушы заттардың шығарындылары, ағынды сулардың төгінділері, қалдықтарды және күкірттерді орналастырудың әр өнеркәсіптік аймақ бойынша қорытынды мәліметтері түрінде толтырылады.

9. IV санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативті көлемі табиғат пайдаланушының мөрімен расталған есептік және аспаптық жолмен негізделеді.

10. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта рәсімдеу өтінімі табиғат пайдаланушының атауын немесе ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерткен, ол қайта ұйымдастырылған жағдайларда толтырылады.